

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес отырысының хаттамасы

Астана қ.

№ 49

2023 жылғы 29 тамыз
сағат 15-00
(Zoom режимінде)

Төрағалық етті: О.Г. Кузовлева - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасы

Қатысқандар: Қоғамдық кеңестің 14 мүшесі,
Қоғамдық кеңестің 5 мүшесі дәлелді себептермен қатысқан жоқ (М.М. Сулева, Е.Қ. Баялышбаев, Г.М. Бурашева, А.Р. Оторбаев, Л.И. Салыкова)

Шақырылғандар: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің төрағасы - ҚР Бас мемлекеттік инспекторы – Т.Қ. Оспанқұлов, Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің директоры – Д.К. Нәбиев, Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті директорының орынбасары - Б.С. Құндызбаев, сондай-ақ, құрылымдық департаменттердің басшылары.

Күн тәртібін отырысқа қатысушылар бірауыздан қабылдады.

1. Жұмыс берушілердің ел кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтауы туралы

(О.Г. Кузовлева, Т.Қ. Оспанқұлов Қоғамдық кеңес мүшелері,)

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау Комитетінің төрағасы Т.Қ. Оспанқұловтың жұмыс берушілердің ел кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтауы туралы баяндамасы назарға алынсын және мақұлдансын.

2. Қоғамдық кеңес:

2.1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ кодексі) 122-бабы Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау туралы Заңының пайдасына (1993 жылғы 22 қаңтардағы) 30-бапқа өзгеріс енгізу бойынша қайта қаралсын. Сондай - ақ ҚР Еңбек Кодексінің 182 бабына 2 тармағына мынадай тармақша қосылсын:

19) «Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде тәуліктік ырғақтарды ескере отырып, жарақаттар мен персонал қателерінің туындауына адам факторының ықпалын азайту жөніндегі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға міндетті».

2.2. Еңбек қауіпсіздігі саласындағы өнеркәсіптік кәсіпорындарда озық ғылыми әзірлемелерді енгізу жөніндегі мәселені қарастыру.

2.3. 2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын қабылдауды ескере отырып, еңбекті қорғау саласындағы белгілі бір заңға тәуелді актілерді пысықтау *(мемлекеттік инспекторлар кәсіпорынға ескертусіз қашан және қандай жағдайда бара алады).*

Төраға



О. Кузовлева

Хатшы



Ә. Тоқтауов